

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ БІЛІМЛЕНДІРУ УӘЗІРЛІГІ

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты

Филология факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ СИНТАКСИСІ (Қурмалас сөйлем)
пәнінен лекция мәтіндері

Дайындаған: Ш.Қудьярова

НӨКІС- 2010

Құрмалас сөйлем синтаксисі, анықтамасы мен объектісі.

ж о с п а р ы

1. Синтаксис курсының зерттеу объектісі, мазмұны.
2. Құрмалас сөйлем сөйлемдердің құрмаласуынан жасалады.
3. Құрмалас сөйлемнің зерттеу объектісі

Тірек түсінік: Құрмалас сөйлем туралы. Құрмаластың түрлері және олардың жасалу тәсілдері. Құрмаластың жай сөйлемдердің қатысуымен жасалуы.

Лингвистика синтаксистің негізгі объектісін үш салаға бөледі: оның бірі-сөздер тіркесі, екіншісі-жай сөйлемнің синтаксисі, үшіншісі-құрмалас сөйлем синтаксисі. Бұл салалардың әрқайсысының өздеріне тән зерттеу объектілері бар. Солардың ішінде құрмалас сөйлемнің негізгі объектісі-жеке ойды білдіретін жай сөйлемдердің өз ара ұласып бір бүтінге айналуы, сол арқылы күрделі ойды білдіру жолдары мен амал-тәсілдері.

Бұл жағынан алғанда құрмалас сөйлем синтаксисі жай сөйлем синтаксисінен мүлдем басқаша: жай сөйлем синтаксисі жеке ұғымды білдіретін сөздердің жай сөйлемдердің өзара тіркесіп, сөйлем болу жолдарын тексерсе, құрмалас сөйлем синтаксисі жеке ойды білдіретін сөйлемдердің бір-бірімен ұласып құрмалас болу жолдарын, құрмалас сөйлемнің өзіндік сипаттары мен түрлерін тексереді. Сөйтіп, бірінің объектісі-ұғымдар тіркесі болса, екіншісінің объектісі-ой тіркесі, яғни сөйлемдер тіркесі.

Қазақ тілі білімі саласындағы ең кеш қолға алынған және аз зерттелгенінің бірі- құрмалас сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлем синтаксисі туралы айтыла бастаған азын-аулақ алғашқы пікірлерді отызыншы жылдар ішінде мектептерге арнап жазылған оқулықтардан оқу программаларын кездестіруге болады.

Құрмалас-деген термин де сол кездерден бастап енді. Бұл термин практикалық тілде кездеспейді грамматикалық термин ретінде тек лингвистикада ғана қолданылады. Бұл атау-құра деген етістіктен жасалған туынды сөз. Терминнің мағынасы өзі атау болған категорияның мазмұнына сай келеді. Өйткені құрмалас деген атаумен аталатын сөйлем-екі я одан көп жай сөйлемдерден құралатын құранды категория.

Атқаратын қоғамдық қызметі жағынан жай сөйлем мен құрмалас сөйлем бір: екеуі де ойды білдіреді, ойды жарыққа шығарады, оны басқаларға білдіру, сол арқылы қоғам мүшелерінің өз ара түсінісу қызметін атқарады. Сөйлемнің бұл екі түрінің бір-бірінен өзгешеліктері олардың сыртқы құрылыстары мен ішкі мазмұндарында болады.

Құрамы жағынан алғанда, жай сөйлем жеке мүшелерден құралады да, құрмалас сөйлем сөйлем жеке сөйлемдерден құралады, басқаша айтқанда, жай сөйлем жеке сөздерге ғана жіктелсе, құрмалас сөйлем жеке сөздерді өз ішіне алатын сөйлемдерге жіктеледі. Сөйтіп, бірінің мүшесі-сөз, екіншісінің мүшесі-

сөйлем. Бұл жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір-бірінен құрылысы, құрамы жағынан өзгешеліктері. Осы айтылып структуралық және мағыналық сипаттары жағынан алғанда, құрмалас сөйлемге екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі бір ғана ойды білдіретін сөйлемдер жатады.

Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің жоғарыда айтылған ерекшеліктерінен құрмалас сөйлем әрдайым көлемді болады да, жай сөйлем оған қарағанда көлемсіз болады деген қорытынды шықпаса керек. Сөйлемнің құрмалас болуы не жай болуы оның көлеміне байланысты болмайды. Айтылмақшы ойдың ерекшелігіне қарай бірде бірі көлемді болса, екіншіде екіншісі көлемді болып келе береді.

Мысалы: Қажымұқанның мейлінше күнге күйіп, желге жарыған қара қайыс жүзі, уысына зорға сиярлық дөкір, ірі саусақтары, тарамыс, әлді денесі, етсіз шықшыты жайылып, езу тартқанда ақсита қалған аққаладай тістері, көзінің айналысындағы мәз болып жиырылған жұқа қыртысты, қалттықсыз шырайы Андреевтің көз алдына қырдың еңбегі еш, тұзы сор көп еңбекшісінің бала мінезді, батыл кейпін алып келгендей болды. Біз ауылға қайтамыз дейміз, ауыл бізге келеміз дейді.

Бұл екі сөйлемнің алдыңғысы соңғыдан жеті еседей көлемді, бірақ соған қарамастан ол-жай сөйлем. Ал, кейінгі, алдыңғыдан әлдеқайда ықшамдылығына, шағындығына қарамастан, құрмалас сөйлем. Өйткені алдыңғы қанша көлемді болғанымен, сөйлемдік сипаты бар элементтерге, бөлшектерге жіктеле алмайды, ал соңғы ондай бөлшектерге жіктеле алады. Олай болатын болса, сөйлем құрмалас сөйлем болу үшін өз ішінен сөйлемдік бөлшектерге бөліну шарт.

Бірақ, құрмалас сөйлем жай сөйлемдерден құралады дегенге қарап, оны кез келген жай сөйлемдердің кездейсоқ тіркесе салған тобы деп түсінуге болмайды. Құрмалас сөйлем-компоненттері бір-бірімен органикалық байланыста, берік бірлікте тұратын және біріне-бірі бағынышты, өз ара шарттас болып келетін мағыналық күрделі бір бүтін. Оның құрамындағы компоненттер сөйлем деп аталғандарымен әдеттегі дербес жай сөйлемдермен бірге емес.

Егер әдеттегі жай сөйлемдер интонациялық жағынан тиянақты, белгілі шамада болса да аяқталған ойды білдіретін, өз алдарына бір бүтін болып саналатын болса, құрмалас сөйлем компоненттері интонациялық жағынан тиянақсыз, аяқталған ойды білдіре алмайтын, бүтіннің бір бөлшегі болып табылады. Ол бөлшек өзі сияқты басқа бір бөлшектермен байланыста тұрғанда ғана бір бүтін бола алады. Егер ол бірліктері бұзылса-ақ, олар өздерінің алғашқы мәндерін, құрмалас сөйлем құрамында тұрғандағы мәндерін жояды.

Мысалы: Балапандар қанағаттанғанша, дәуіт те қанағаттанды деген құрмалас сөйлем-осы тұрған қалпында екі бөлшектен құралған бір бүтін. Оның бір жартысы балапандар қанағаттанғанша болса, екінші жартысы-дәуіттің қанағаттанғандығы.

Айтайын деген ойдың өзіндік ерекшелігіне, контекстіге қарай құрмалас сөйлем де түрленіп отырады: ол бірде екі компонентті, бірде үш компонентті, кейде одан көп компонентті болады. мыс: 1. Көмір де осы, отын да осы. 2. Қолда қамшым жоқ еді, тұсаумен басқа бір тартып жіберіп едім, екіншісі қолдап кетті.

3.Тіс кімде, күш кімде, бәрі соның қолында,таرازы да сол. 4. Астында ауыздығымен алысқан жарау торы ат болса,бес қаруың түгел бойыңда асулы болса, ат шапқанда, алдыңнан қарсы жел есіп, жүрегің тасып, қуанғаннан өзіңді өзің ұмытады екенсің.

Құрамына енген жай сөйлемдері грамматикалық жағынан бір-біріне бағынышты,тәуелді болмай,өзара теңдік қатынаста айтылып,синтаксистік құрылысы және мағынасы жағынан бір бүтін болып тұратын құрмалас сөйлем-салалас құрамалас сөйлем деп аталады. Салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің өзара тең болып келуінің негізгі себебі-ола компоненттердің баяндауыш формасында.

Құрмалас сөйлем жасаудың екінші негізгі тәсілі-жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра байланыстыру. Сабақтас құрмалас сөйлем деп компоненттері өзара тең болмай бір-біріне бағына, бірін-бірі бағындыра байланысатын құрамалас сөйлемді айтамыз. Бағынушы компонент мейлінше тиянақсыз болады, сондықтан ол жеке айтылмайды, айтыла қалған күнде де өз бетінше тұрып сөйлем бола алмайды. Ал бағындырушы компонент бағыныңқы сөйлемсіз де өз алдына сөйлем болып айтыла алады.

Құрмалас сөйлем құрамына енген жай сөйлемдер, жоғарыда айтылғандардай, өзара әрдайым не бірыңғай салаласа, не болмаса бірыңғай сабақтаса байланысып отырмайды. Көп жағдайда құрмаласудың осы екі тәсілінің бір сөйлем ішінде қатарымен келе беретін болады. Құрамына енген жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем аралас құрмалас сөйлем деп аталады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Құрмалас сөйлем туралы не білесің?
2. Құрмалас сөйлемнің түрлері қандай?
- 3.Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- 4.Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
5. Аралас құрмалас сөйлемдердің мағыналық топтары қандай?
- 4.Олардың жасалу жолдары туралы не білесің?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
- 2.С.Мырзабеков. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А. 1992
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А.1994
4. Т.Сайранбаев. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы, 1996
5. Т.Сайранбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алм. 1992 ж
7. Ш.Құсайынұлы. Синтаксис. Алматы. 2003 ж

Жай сөйлемдердің бір-бірімен құрмаласу тәсілдері.

Жоспар:

1. Жай сөйлемдердің бір-бірімен құрмаласу тәсілдері.
2. Жай сөйлемдердің құрмалас сөйлем болып жасалуы, байланысы.

Тірек түсінік: Құрмалас сөйлем туралы. Жай сөйлемдердің құрмаласу және олардың жасалу тәсілдері. Құрмалас сөйлемдердің компоненттерінің орналасуы, жай сөйлемдердің қатысуымен жасалуы.

Жай сөйлем құрамына енген сөздердің бір-бірімен грамматикалық тығыз байланыста тұратыны сияқты, құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер де өз ара байланысты болады. Тек сондай байланыстың арқасында жай сөйлемдердің бастары бірігіп, күрделі ойды білдіретін бір бүтін болып тұрады. Жай сөйлемдер арасындағы байланыс та сөйлем мүшелері арасындағы байланыстар сияқты бірде теңдік қатынасқа негізделген салаласа байланыс болса, бірде біріне-бірі меңгерілу, бағыну негізіндегі сабақтаса байланыс болады. Жай сөйлемдер байланысының бұлай әртүрлі болуы-оларды байланыстырушы дәнекерлердің, амал-тәсілдердің әралуандығында.

Құрмалас сөйлем құрамына енетін компоненттерді бір-бірімен сабақтастыра байланыстыратын ең құнарлы жолдың бірі-компонент баяндауышының тиянақсыз формада айтылуы. Қазақ тілінде басқа кейбір тілдерде кездесетіндей екі жай сөйлемді бір-біріне сабақтастыра байланыстыратын бағындырушы жалғаулық жоқ. Сондықтан жай сөйлемдерді сабақтастыра байланыстыру функциясын түгелдей компонент баяндауышының формасы атқарады. Әрине, тиянақсыз формада айтылатын кез келген сөз, кез келген форма жай сөйлемдерді құрмаластыру қызметін атқара бермейді. Мұнда да қалыптасқан, көпшілікке танылған арнаулы формадағы сөздер ғана қолданылады. Ондай сөздер құрмалас құрамына енетін жай сөйлемнің баяндауышы қызметінде қолданылады да, ол сөйлемді өзінің тиянақсыз формасы арқылы екінші сөйлемге кейде тек формалық жағынан, кейде әрі формалық, әрі мағыналық жағынан бағындыра, соған тәуелді ете байланыстырады және сол арқылы құрмалас сөйлем жасайды.

Сөйлем мүшелік қызмет атқаратын әрбір сөздің сөйлемде қалай болса солай тұра салмай, белгілі тәртіппен орналасатындығы сияқты, құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасуында да белгілі қалыптасқан тұрақты заңдылық болады. Құрмалас сөйлем компоненттерінің қалыптасқан белгілі тәртіппен орналасуы жай сөйлемдердің құрмаласуында шешуші роль атқарады. Егер компоненттердің тілімізде қалыптасқан орын тәртібі бұзылса, жай сөйлемдердің бір-бірімен байланысы, сөйлемнің құрмаластық қасиеті жойылып қана қоймайды, солармен бірге, сөйлемнің ұғымы ауырлап, тіпті, ол кейде сөйлем болудан қалады. Сондықтан сөйлем мүшелерінің орын тәртібі сөздердің синтаксистік қатынастарының басты бір көрсеткіші болатыны сияқты, құрмалас сөйлем компоненттерінің орын тәртібі де жай сөйлемдерді құрмаластырудың елеулі бір тәсілі болып есептеледі.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасуында мынадай заңдылық бар:

1.Салалас құрмаластың болсын, сабақтас құрмаластың болсын тиянақсыз компоненттері әрдайым бұрын айтылады да, тиянақты компоненттері кейін айтылып сөйлемді аяқтап тұрады. мыс:Сәуле түсінбегендей түр көрсетіп көз қиығын тастап еді,ол кеудесін көтере түсті. 2.Поэзияда құрмаластың тиянақты компоненттері мен тиянақсыз компоненттерінің орын тәртібі өзгеріп, өлең үйлесіміне қарай түрленіп айтыла береді. Қара сөзбен айтылған құрмалас сөйлемдерде тиянақсыз компоненттің бұрын тұруы қазақ тілінің стилистика ерекшелігінің бір көрінісі болып табылатыны сияқты поэзияда ол компоненттердің орналасу жағынан бірде олай, бірде бұлай болып келуі де тіліміздегі қалыптасқан заңдылық болып табылады. 3.Сабақтас құрмалас сөйлемнің тиянақсыз компоненті кейде тиянақты компоненттің ішінде келетіні де болады.Бірақ бұл -тілімізде кең жайылған құбылыс емес, өте сирек кездеседі және мұндай құбылыста айтылудан сөйлемнің тек интонациялық жағына азды-көпті өзгеріс енгені болмаса, оның компоненттерінің байланысына,мағынасына ешқандай өзгеріс енбейді.Сондықтан бағыныңқы компоненті бірінші орында айтылған сабақтастардың көпшілігін бағыныңқы компонентін тиянақты жай сөйлемнің ішінде келтіріп, өзгертіп айтуға немесе керісінше қойып айтуға жол береді. мысалы: Әкем етегімнен ұстағанша,мен арызымды Таласовқа беріп те үлгердім -деген құрмаласты - Мен, әкем етегімнен ұстағанша, арызымды Таласовқа беріп те үлгердім,-деп айта беруге болады. Айырмашылығы тиянақты компоненттің сөйлем басында келтірілген бөлшегіне біраз екпін түсіріле айтылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Құрмалас сөйлем туралы не білесің?
2. Құрмалас сөйлемнің түрлері қандай?
3. Жай сөйлемдер қалай құрмалас сөйлем болып жасалады?
- 4.Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары қандай?
5. Құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібі қалай?
- 6.Олардың жасалу жолдары туралы не білесің?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
- 2.С.Мырзабеков. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А. 1992
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А.1994
4. Т.Сайранбаев. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы, 1996
5. Т.Сайранбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алм. 1992 ж
7. Ш.Құсайынұлы. Синтаксис. Алматы. 2003 ж
- 8.Қазақ тілінің грамматикасы 2-том, Алматы. 1987 жыл
- 9.С.Аманжолов, А.Ұйықбаев. Қазақ тілінің синтаксисі. Алматы 1990
- 10.А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. 1995.

Есімше, көсемше, шартты рай арқылы құрмаласуы.

Жоспары:

1. Есімше арқылы құрмаласуы
2. Көсемше арқылы құрмаласуы
3. Шартты рай арқылы құрмаласуы

Тірек сөздер: Есімше мен көсемшенің құрмалас сөйлемге қатысы туралы. Шартты райдың жұрнақтары қатысуында жасалған құрмаластар.

Есімше категориясы. Бір алуан жұрнақтар етістік негізіне жалғанып олардан етістік қасиеті де, есім қасиеті де бар есімше деп аталатын жаңа категория тудырады. Есімге де, етістікке де телулі бұл категорияға тән формалар қолданылу ыңғайына қарай көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларында жұмсалып, сөйлемнің барлық мүшелері бола алады. Мысалы: Біздің білетіндеріміз - осылар. Құлақ естігенді, көз көреді. Айтылар сөз айтылды. Біз ертең киноға бармақпыз. Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп деген сөйлемдерді алсақ, олардағы білетіндеріміз-бастауыш есіткенді - толықтауыш, айталар - анықтауыш, бармақпыз-баяндауыш болып тұр. Бұдан есімшелерге көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары мен жұрнақтар қосылу нәтижесінде олардың қолданылу аясы кеңейіп, синтаксистік қызметтерінің өрісі ұлғаятыны және осы ерекшелік қазақ тіліндегі есімшелерге үйреншікті екені анық көрінеді. Оның бер жағында есімшелердің бұл ерекшелігі олардың әуелгі төркіні қимыл атаулары болып, бұрын осындай қызметтерді атқаратын машықтары кейінгі кездерде де бойларында сақталып қалғанын атай кеткен жөн. Бірақ есімшелр қимыл атауынан алған әдет - машықтарын бойларында сақтаумен қатар, етістікке тән қасиеттерін де ұмытпаған.

Сонымен, көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларында түрленіп, сөйлемде барлық мүше бола алатын морфологиялық және синтаксистік сипаттары бар, амал - әрекеттің атауы болу семантикасы мен шақтық ұғымды білдіру қабілеттері де бар формалар есімшелер категориясы деп аталады.

Есімшелерге үйреншікті сипат болып қалыптасқан субстантивтік, атрибуттық, предикаттық қызметтер бұл формалардың жалпы жалпы грамматикалық та, жалқы грамматикалық та мағыналарынан туған. Бірақ есімшелер осы функцияларда амал - әрекет түрінде емес, қимылдың белгісі я сипаты түрінде көрсетеді, өйткені, әдетте субъектінің қимылын білдіретін етістіктер есімшеге айналғанда сол субъектінің қимылана емес, оның белгісіне көшеді. Дегенмен сөйлемде қандай қызмет атқарса, есімшелер өздерінің негізгі сипатынан-шақтық мәнді білдіру қабілетінен айрылмайды. Осы сипатына қарап есімшелер категориясы есімдер тобына емес, етістіктер тобында қаралады. Ендеше, есімшелер етістікке жіктелу қабілетіне қарап жатқызылмайды, шақ сипаты болатындығына қарай жатқызылады және есімшелерді топтастырғанда, олардың осы сипаты негізге алынады.

Осы айтылған сипатына қарай есімше формалары өткен шақ есімше, осы шақ есімше, келер шақ есімше болып үш салаға бөлінеді.

1. Есімшенің өткен шақ түрі етістік негізіне -ған (-ген, -қан,-кен) жұрнағы мен -атын, -етін жұрнағы жалғану арқылы жасалады. -ған жұрнағы арқылы

жасалған форма сөйлемнің қай орнында қалай түрлендіріліп жұмсалса да және құрамы жалаң я күрделі түрде қолданылса да, дәйім өткен шақ мәнін білдіреді. Мысалы: Мен ол кісіні талай көргенмін, талай әңгімелескенмін. -атын, -етін жұрнағы арқылы жасалатын есімшенің қай мезгілді білдіруі контекске байланысты, өйткені оның қай шақты білдіруі айналасындағы сөздерге қарай ауысып отырады. Мысалы: Біздер уақыт-уақыт жиналатынбыз да, әлеуметтік жай, әдебиет мәселелері жөнінде пікір алысатынбыз, тіпті кейде қатты таласатынбыз сияқты тіркесте өткен бір кездерде болған іс-әрекет жөнінде сөз болып отырғаны айқын.

2. Есімшенің осы шақ түрі контекске қарай -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнағы арқылы жасалады. Бірақ бұл осы шақтық мағынасы сөйлесі отырған кезді дәл атамайды, дағдыға, әдетке айналған, үйреншікті болған, жалпы жүзеге асып отыратыны істеліп жататын әрекетті білдіреді. Мысалы: Сенің алғаның да, алатының да, аларың да ылғи алғыс дегендегі алғаның -өткен шақ, алатының -осы шақ, аларың -келер шақ екені күмәнсіз.

3. Есімшенің келер шақ түрі етістік негізіне -ар, -ер, -р жұрнағы мен -мақ, -мек, -бақ, -пақ жұрнағы жалғану арқылы жасалады. -ар жұрнағы арқылы жасалған есімше сөйлемде қай орында, қандай сөйлем мүшесі болса да семантика жағынан үнемі келер шақ мағынасын білдіреді. Мысалы: Қайта кірер есікті қатты жаппа. -мақ -мек жұрнағы арқылы жасалған есімше амал-әрекеттің алдағы уақытта жүзеге асуы анық, айқын екенін білдіреді. Мысалы: Олар осында келмек, біз оларды күтпекпіз.

Етістік негіздерінен арнаулы қосмшалар арқылы жасалып, тиісті дәрежеде шақтық, модальдік және басқа мәндерді білдіретін ерекше формалар көсемшелер категориясы деп аталады. Көсемшелер етістіктің жалаң және күрделі негіздеріне, қимыл атауларына, есімшелерге, рай формаларына, көсемшелердің өздерінен басқа ешбір дәнекерсіз-ақ еркін тіркесіп, олардың белгілерін, сипаттарын білдіреді де, сөйлемде көбінесе динамикалы адвербиал (етістіктен болған пысықтауыш) болып қызмет атқарады. Көсемшелердің осы қасиеті оларды етістіктің өзге формаларынан ерекшелендіріп отыратын негізгі жалпы грамматикалық сипаты болады. Мысалы: Ол күле сөйледі, күле сөйлесіп отырды.

Төменде біз, есімшенің жалғау арқылы құрмалас сабақтас сөйлем я оборот жасайтынын бір бөлек, жалғаулы есімшенің үстіне шылау қосылып сабақтас сөйлем жасайтынын бір бөлек, жалғаусыз есімше шылаудың я жұрнақтың жәрдемімен сабақтас жасайтынын бір бөлек көрсетіп өтеміз.

I. Есімшеге жалғанып, сабақтас жасайтын жалғаулар: жатыс, шығыс, көмектес.

Мысалы: Біз келгенде, олар кетті. Біз келгеннен, олар кете бастады. Біз келгенмен, оларды көрмедік.

II. Есімшеге я тұйық етістікке жалғанған жалғау үстінен қосылатын жалғаулар мыналар: көрі, бұрын, бері, басқа, кейін, соң (бұлар барыс жалғауды керек қылады), бірге, де (бұлар көмектес жалғауды керек қылады), орнына, алдында (ілікті керек қылады).

Мысалы: Әшім баяндама жасағаннан гөрі, Хасен жасағаны тәуір.

Әшім баяндама жасамастан бұрын, дайындық жасап алды. Әшім баяндама жасағаннан бері, өндіріс ісі оңалды. Әшім баяндама жасағаннан басқа, біраз игілікті іске де қолы тиді.

Әшім баяндама жасағаннан кейін, жұрт жақсы түсінді.
Әшім баяндама жасағаннан соң, Сақай шығып сөйледі.

* * *

Әшімнің баяндама жасауына қарай, жұрт көп жиылды.
Әшімнің баяндама жасауына лайық, жұрт көп жиылды.
Әшім баяндамасы басталуына таман, біз де келіп қалармыз.
Әшім баяндама жасауына бола, колхозға барды.
Әшім баяндама жасауға шейін, жұрт тым-тырыс отырды.

* * *

Әшім баяндама жасаумен бірге, өзі ән-күйді басқарды.
Әшім баяндама жасағанмен де, жұрт жалыққан жоқ.

* * *

Әшім баяндама жасаудың алдында, бізге тезісін көрсетті.
Әшім баяндама жасаудың орнына, әңгіме айтып кетті.

III. Жалғаусыз есімше я тұйық етістік шылаудың я жұрнақтың жәрдемімен сабақтас сөйлем жасайды. Мұндағы шылаулар: сайын, бойынша, кезде, мезгілде, түгіл, шақта, күнде, уақытта.

Мысалы: Әшім баяндама жасаған сайын, жұрт көп келеді.

Әшім баяндама жасаған шақта (кезде, уақытта, күнде, мезгілде) біз жақсы тыңдадық. Әшім баяндама жасамақ түгіл, жақсылап конспект жасай алмайды.

Қазақ тілінің байлығы сабақтас сөйлемнің осы формаларында. Мұндай формалар басқа түркі системалы тілдерде де бар. Бірақ оларда бұл форма жеке тексерілген жоқ сияқты.

Сабақтас сөйлемнің көсемше арқылы жасалатын түрлері. Мұнымен қатар көсемшелердің барлық түрлері де бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола береді, бірақ олардың ішінен тек жіктелген түрлері (-ып, -іп, -п, -а, -е, -й) ғана басыңқы сөйлемнің баяндауышы болады. Мысалы: Жаңбыр жауып, жер көгерді, Біз бұл кітапты оқыппыз. Қазір үйге қайтамыз.

Көсемшелер жеке-дара сөз есебінде қолданылмайды, морфологиялық жағынан түрленбейді, демек, көптік, тәуелдік, септік қосымшалары қосылмайды, тек әредік ғана жіктеледі, пысықтауыш және баяндауыш ғана болады.

Бұл категорияның арнаулы формалары бар. Олар мыналар: 1)-ып, -іп, -п, 2) -а, -е, -й, 3) -ғалы, -гелі, -қалы, -келі, 4) -ғанша, -генше, -қанша, -кенше.

Көсемшелердің әбден қалыптасқан дағдылы қызметі етістіктің белгісін білдіру болады. Көсемшелер ол үшін өздерінің қосымшаларын дәнекер етеді және көсемшелердің осы семантикасында сәл де болса, шақтық мән я оның нышаны болады. Шаққа қатысына қарай көсемшелерге төмендегідей қысқаша сипаттама беріледі.

1) Өткен шақ көсемше етістік негізіне -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -ғанша, -генше қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Өткен шақ көсемшенің бірінші түрінің мағынасы да, қызметі де орасан көп. Олардың кейбір негізгі сыр -

сипаттары мынадай: Бұл форма дара түрде де, қайталанып та, қосарланып та, тізбектеліп те жұмсала береді.

Көсемшелер мезгіл мәнін шақ категориясындай толық білдірмегенімен, оның бір нышанын контексте білдіре алады. Осы соңғы қасиет көсемшелердің өзге формаларынан гөрі -ып, -іп, -п формалы түрінде айқын білінеді. Мысалы: Мен барыппын, сіз барыпсыз, ол барыпты дегендердің бәрінде де өткен шақ мәні бар. Қар жауып, үй суыды деген құрмалас сөйлемнің бағыныңқысындағы жіктелмей тұрған баяндауыштан да өткен шақ мәні анық байқалады.

Көсемшенің -ғалы, -гелі, -ғанша, -генше жұрнақтарының шақтық мәні контексте қолданылу ыңғайына қарай, бірде өткен шақ, бірде келер шақ реңкіне көшіп отырады. Мысалы: Сізбен танысқалы көп болған сияқты.

Осы шақ көсемше. Бұл формаға -а, -е, -й жұрнақтары арқылы жасалатын көсемше жатады. Бұл көсемшенің де мағынасы мен қызметі орасан көп. Оның негізгі сипаты төмендегідей: 1) -ып формалы көсемше сияқты амалдың белгісін, мезгілін, тәсілін, мақсатын, себебін, басқа амалмен жарыстырыла я жол-жөнекей істелу сипаттарын білдіреді. Мен жүре келе көп нәрсеге түсіндім. 2) Құрмаластың бағыныңқысында, жалаң және жай сөйлемдерде баяндауыш болады. Мыс: Құс ұшады, бұзау мәңіреді. 3) Көбінесе аналитикалық етістіктің жетекші компоненті болады. Мысалы: Айта сал, бере тұр, ала қой құлай кетті. Көсемшенің бұл түрі әдетте, ауыспалы осы шақ формасы деп аталады. Қолданылу ыңғайына қарай бұл форма контексте осы шақ мәнін де, келер шақ мәнін де білдіреді.

3) Келер шақ көсемше. Бұл форма -а, -е, -й, -ғалы, -гелі, ғанша, -генше жұрнақтары арқылы жасалады. Осы үш қосымша да көсемшенің өткен шақ және осы шақ түрлерін жасауға қатыстындықтан оларды ауыспалы келер шақ деп атауға әбден болады. Ал бұл жұрнақтардың ауыспалы келер шақ мәнін жасаудағы қызметі тек баяндауышпен байланысты қаралады. а) -а,-е, -й жұрнағы арқылы жасалған көсемше көбінесе алдағы уақытта жүзеге аспақшы амал-әрекетті білдіреді. Бірақ сол келер шақ ұғымы нақты емес, жалпы ғана аталады. Мысалы- Біз алдағы каникулда да егін жинауға барамыз, сөйтіп әлеуметтік іске болысамыз. ә) -ғалы, -гелі жұрнағы етістік негізіне жалғанып, контекске қарай келер шақ мәнін де білдіреді. Мысалы: Мен сізді әдейі көргелі, сізбен танысқалы және ақылдасқалы келдім. б)-ғанша, -генше жұрнағы да етістік негізіне жалғанып, контекске қарай, оған келер шақ мәнін жамайды. Бұл форма құрмалас сөйлемнің тек бағыныңқысының баяндауышы болады да, басыңқы сөйлемде аталатын негізгі амалдан кейінгі іс-әрекетті білдіреді. Мысалы: Хош сау бол, ей ағалар, біз келгенше. Таз таранғанша той тарқайды.

Көсемше арқылы қолданылатын форма да қазақ тілінде өте көп. Көсемше мен есімшенің арасында семантикалық, тұлғалық айырмалар бар. Есімшелер жалғаусыз, шылаусыз, дәнекерсіз сабақтас сөйлем жасай алмайды. Ал, көсемше жалғаусыз, шылаусыз, дәнекерсіз сабақтас сөйлем жасай береді.

Көсемше есімшеге қарағанда. Көп қолданылады. Өйткені көсемшемен жазылған сабақтас сөйлем икемді, жеңіл келеді.

Сонымен қабат, көсемшенің екі сыры бар: 1) көсемшенің артынан көмекші етістік қажет; 2) көсемшенің артынан ерген етістік көмекші түрінде ғана тұруы керек, ерген көсемшенің жіктік жалғауы болмауы шарт. Егер осы екі шарттың

біреуі болмаса, көсемше алдындағы сөзге тиянақ болмай, баяндауышқа қосылып кетеді. Ал алдындағы сөздерге тиек болу үшін әр түрлі тиянақты қимыл қызметін атқарады. Сүйтіп барып барлығы үйірлі пысықтауыш сияқты болады. Бірақ бұл үйірлі пысықтауыш сияқты, оған ұқсас болғанмен, ішінде мағыналық қасиеті одан күшті, ондағы мүшелер өзара жіктелуге, талдауға келетін болғандықтан, өз алдына объектілі-субъектілі болғандықтан, жеке сөйлем қатарына қосамыз. Бұлайша көсемшеге біткен сөйлемдер соңғы бір сөйлемге бағыныңқы болады, бір сөйлемге бірнеше көсемшелі бағыныңқы сөйлем келе береді.

Мысалы: Елімізде ішкі күй нығайып, еңбекшілердің қалың бұқарасы кеңес өкіметі маңына ұйымдасты.

Бұл сөйлемде «**нығайып**» деген сөз өзінің алдындағы сөздерді маңайына жинап, соларға тиек болып, топтап, соларға бөлек бір мән беріп тұр. Сонымен қатар, ол топ соңғы сөйлемнің барлық мағынасын пысықтап отыр. Оның тиянағы относительді, бірақ мағынасы күшті, себебі: оның өзінде объектілік, субъектілік сөздер бар. Сабақтастың барлық жай сөйлемдерінде бастауыш болуы шарт емес, қәдімгі толымсыз сабақтастың ішінде де болады, бұл да сол сияқты. Негізгі критерий әр сөйлемде объект-субъект қарым-қатынасының көрінісі болу. Бірақ та, жеке пысықтауыш мәнін беретін көмекшілік қызметін атқаратын көсемшелер, әрине, өз алдына сөйлем бола алмайды.

Бағыныңқы сөйлемнің көбі толымсыз болады. Есімше арқылы құралған сабақтас құрмалас сөйлем көсемшелімен тең емес.

Көсемшелердің ішінде көп қолданылатын **-а, -ып, -іп** формалары, онан кейін көп қолданылатын **-й-ға** біткен көсемше, бізде **-а, -е** формалары да қолданылады. Мысалы: Боранға бетін бере, түннің дәл ортасында тоқтамастан жүріп отырды (С.Мұқанов).

Мұнда сабақтас сөйлем **бере** деген көсемшедегі **-е** арқылы жасалып тұр. Көсемшенің **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** арқылы келетін түрі аз кездеседі, өлеңді сөйлемде ғана көп қолданылады. Оның себебі: бұл форманы өлең ырғаңы тиянақтап отырады.

Көсемшенің дәнекерлік қызметін атқаратынының бірі оның сабақты түрі. Мұның өз алды мағынасы, тұлғасы бар. Мұны тіл мамандары осы күнге шейін кіргізбей келген. Дұрысы: мұның түбірі **-й-ге** біткен көсемше, оған **-ынша, -інше** жұрнағы жалғанады. Бірақ бұл соңғысының, жалғауы алғашқы түбірі көсемшеліктен басқаға айналдыра алмайды. Мысалы: Мен мектепті бітірмейінше, тыным таппаймын. Мұнда **-інше** жұрнақ болса да, барлығы жиылып, сабақты көсемшеге айналып тұр, бұл жай **-й-ге** біткен көсемшеден күштірек мәні бар, сондықтан оны сабақты көсемше деп отырмыз.

Сабақтас дәнекер болған көсемшелердің бәрі (**-да, -де**, шылауынан басқа) шылау, жалғау жұрнақ ерте алмайды. Мысады: Біз бармайынша да, олар ісін бітіретін көрінеді.

Шартты рай формасы етістіктің жалаң, күрделі негіздеріне **-са, -се** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Шартты райдың бұл формасы мағына жағынан басқа бір амалдың я істің жүзеге асу-аспау шартын білдіреді. Осы мағынасына оай, шартты рай формалы етістік үнемі құрмалас сөйлемнің шартты бағыныңқысының баяндауышы болады да, басыңқы сөйлемнің баяндауышының істелу-істелмеу

шартын көрсетеді. Мысалы: Мен барсам, сен кетіп қалыпсың. Олар келсе, бәріміз үйге қайтамыз.

Шартты рай формасы үнемі жіктеліп жұмсалады. Оның жіктелу үлгісі жедел өткен шақ формасына ұқсас. Шартты рай формасының үнемі жіктеліп жұмсалатынына мынадай екі себеп бар: біріншіден, еді көмекшісімен тіркестіріліп қолданылғанда да, шартты форма жақ қосымшасында тұрып жіктеледі (мен барсам еді, сен барсаң еді), екіншіден сабақтас құрмаластардың бағыныңқы сөйлемдерінің баяндауыш формаларының ішіндегі үнемі жіктеліп жұмсалатыны-тек осы шартты форма, өзге формалдар жіктелмейді.

Шартты рай формасының жіктелуі түріне -шы, -ші дәнекері тіркесіп жұмсала береді, бірақ бұл шартты форма шарт мәнінен айырылып, қапы калу, опық жеу, өкіну тәрізді басқа мәнді білдіреді. Мысалы (сен барсаңшы, сендер барсаңдаршы)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Құрмалас сөйлемнің есімше жұрнақтарының қатысуында қалай жасалады?
2. Құрмалас сөйлемнің көсемшенің қатысуында жасалуы қандай?
3. Жай сөйлемдер қалай құрмалас сөйлем болып жасалады?
4. Құрмалас сөйлемдер шартты рай қатысуында жасалу жолдары қандай?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
2. С.Мырзабеков. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А. 1992
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А.1994
4. Т.Сайранбаев. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы, 1996
5. Т.Сайранбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алм. 1992 ж
7. Ш.Құсайынұлы. Синтаксис. Алматы. 2003 ж
8. Қазақ тілінің грамматикасы 2-том, Алматы. 1987 жыл
9. С.Аманжолов, А.Ұйықбаев. Қазақ тілінің синтаксисі. Алматы 1990
10. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. 1995.

Құрмалас сөйлем түрлері. Жай сөйлемдердің салаласып, сабақтасып, араласып байланысуы.

Жоспары:

1. Құрмалас сөйлем түрлері туралы
2. Жай сөйлемдердің салаласып байланысуы
3. Жай сөйлемдердің сабақтасып байланысуы
4. Жай сөйлемдердің араласып байланысуы

Тірек түсінік: Құрмаластың салаласып, сабақтасып, араласып байланысуы туралы.

Салалас сөйлемдер бірімен-бірі я мағына жақындығымен, я шылаулардың дәнекерлігімен жасалса, сабақтас сөйлемдердің жасалуы олардан басқа; бұлар өзара біріне-бірі бағыну арқылы жасалады. Мұнда да күрделі ой жай сөйлеммен берілуі мүмкін болмағандықтан, бірнеше жай сөйлемнің комплексі бір бүтінге айналады.

Қазақ тілінде құрмалас сабақтас сөйлемнің жасалу формасы жөнінде бізден бұрынғылардың, оның ішінде Мелиоранский, Катаринский тағы басқа миссионерлердің де, түркологлардың да көрмеген, білмеген жерлері тіпті көп.

Біз соның біразын көрсете кетелік. Құрмалас сабақтастың олардың ойынша екі-ақ түрі бар: көсемше арқылы, есімше арқылы жасалатын түрлері. Олардың ойынша шартты райлы сөйлем салаласқа жатады. Етістіктің басқа түрінен сабақтас жасалмайды. Есімдік, үстеу сияқты сөз таптары арқылы да ешбір сабақтас жасалмайды.

Сонымен қатар, олардың ойынша шартты райлы етістіктің түрі салаласта ғана болып, сабақтаста болмайтын сияқты. Есімше, көсемшелердің де бірер-ақ түрін көрсетіп өте шығады.

Бұл аз екен, құрмалас сабақтастық көп бағыныңқылы, аралас бағыныңқылы түрін, Абайда, Жамбылда, халық әдебиетінде кездесетін басыңқысыз сабақтастармен обороттар, периодтар жайында еш сөз болмаған. Өйткені қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер түрін конкрет текстен шығарып алып жіктемей, орыс тіліне аударылған түріне қарап, форма беріп, жіктеген. Екінші жағынан, олар үшін қазақ тілі ғылыми курсына жасау ісі, қазақ мәдениеті түрі ұлттық, мазмұны болып дамуына байланысты, қазақ еңбекшілерінің өрістеген тілегіне лайық, біздің заманымызда орындалып отыр.

Сабақтас құрламалас жасаудың алты түрлі жолы бар: 1) көсемше арқылы, 2) есімшелерге жалғау, шылаулар қосу арқылы; 3) етістіктің шартты райы арқылы; 4) шылауға айналған үстеу арқылы; 5) есімдік арқылы және 6) жай етістікке шылау қосу арқылы жасалады.

Сабақтас сөйлемнің критерийі: алдыңғы тұрған сөйлем я сөйлемдер (баяндауышы жағынан) тиянақсыз, соңғысы тиянақты болу керек. Тиянақсыз жағын бағыныңқы сөйлем дейміз де, өзі тиянақты сөйлемді басыңқы сөйлем дейміз.

Сабақтас құрмалас сөйлем жасауда кейбір септік жалғаудың да қызметі бар. Бірақ ол септік жалғаулар есімшеге қосылып барып, дәнекер болады. Мысалы: Ол бізде баяндама жасағанда, біз тыңдап отырдық. Қыс қатты болғанмен, мал күйлі

шықты. Біз барғаннан, олар қошамет көрсетті. Мұнда сабақтас сөйлем **жасағанда, болғанмен, барғаннан** деген жатыс, көмектес, шығыс жалғаулы есімшелер арқылы жасалып тұр. Бізге кеше баяндама жасаған кісі келді десек, бұл сабақтас сөйлем емес.

Қазақ тілі грамматикасын әуел жазған миссионерлер де, кейбір түркологлар да, олардың ізімен қазақ тілін зерттедім дегендер де, бұл соңғыны сабақтас дейтін еді. Олардың критерийі – бұл сөйлемді орысшаға аударғанда, сабақтас болады-мыс.

«Ол кісі бізге баяндама жасағанша, жасамағаны дұрыс еді» десек, бұл сабақтас құрламас сөйлем болады. Сол сияқты «Баяндама жасағаннан гөрі, жасамағаны тәуір болар еді» дегенді де, тағы сондай толып жатқан түрлерді сабақтас сөйлем қатарына қосамыз. Өйткені бұл екі сөйлемнің басқа жақтарымен қатар бірінде жұрнақ, бірінде шылау есімшеге дәнекер болып тұр. Төменде біз оларды түгел көрсетіп өтеміз.

Ескерту: Септік жалғауының барыс, табыс, ілік түрлері толық мағынасында сабақтас сөйлем жасай алмайды. Бұлай деуіміздің екі себебі бар: 1) мұндай сөйлемдер өте аз, 2) олардың өзі құбылмалы, яғни ілік, барыс, табыс, шығыс жалғаулы есімшелер оп-оңай тәуелді жалғаулы бола қалады да, алдынан бастауыш тұлғалы сөз тұрлаушы мүшеге айналады. Мысалы: Ол айтқанның, мен айтқаннан бөлегі жоқ. Бұл: Оның айтқанның, менің айтқанымнан бөлегі жоқ деп те өзгереді. Ол көргенді мен көрдім. Бұл: Оның көргенін мен көрдім деп те айтылады. Сен келгенде, мен қуандым. Бұл: Сенің келгеніңе мен қуандым деп те айтылады.

Міне, осындай тұрақсыздық жақтарын еске алып, барыс, ілік, табыс жалғауды есімше арқылы жасалған «сабақтастарды» есімшелік оборот деуіміз керек. Жоғарғы үш (жатыс, шығыс, көмектес) жалғаулы есімшелердің оборот болмайтыны – олардың соңынан демеулік шылауы ереді де, ауыспайтын етіп жібереді.

Құрамына енген жай сөйлемдері грамматикалық жағынан бір-біріне бағынышты, тәуелді болмай, өзара теңдік қатынаста айтылып, синтаксистік құрылысы және мағынасы жағынан бір бүтін болып тұратын құрмалас сөйлем-салалас құрамалас сөйлем деп аталады. Салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің өзара тең болып келуінің негізгі себебі-ола компоненттердің баяндауыш формасында.

Компоненттер байланысының айтылған тәсілдер арқылы құрмаласуымен қатар, солардың негізінде туған интонация тұтастығы да салалас байланысудың бір тәсілі болып табылады. Мысалдың бірінші тобындағы жай сөйлемдер арасында бұлардың бір де бірі жоқ. Сондықтан олардың әрқайсысы басқаға тәуелсіз, өз алдарына жеке-жеке сөйлемдер. Бұдан шығатын қорытынды салалас сөйлем болу үшін оның құрамына енетін жай сөйлемдер мағыналық жағынан бір-бірімен байланысты, интонациялық жағынан бір бүтін болып келуі, яғни өзара салаластық байланыста айтылуы шарт.

Қазақ тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша салалас құрмалас сөйлем, компоненттерінің бір-бірімен құрмаласу жолдарына қарай, күрделі екі топқа

бөлініп жүр. Олардың бірі-жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем деп аталады да, екіншісі-жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем деп аталады.

Сабақтас құрмалас сөйлем деп компоненттері өзара тең болмай бір-біріне бағына, бірін-бірі бағындыра байланысатын құрамалас сөйлемді айтамыз. Бағынушы компонент мейлінше тиянақсыз болады, сондықтан ол жеке айтылмайды, айтыла қалған күнде де өз бетінше тұрып сөйлем бола алмайды. Ал бағындырушы компонент бағыныңқы сөйлемсіз де өз алдына сөйлем болып айтыла алады.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер де бір-бірімен қалыпты салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластардағы жай сөйлемді құрмаластыру тәсілдері арқылы байланысады: Салалас құрмалас сөйлем сияқты, аралас құрмаластағы салаласа байланысатын жай сөйлемдер де бір-бірімен жалғаулықтар арқылы да, жалғаулықсыз да байланыса береді. Мысалы: Жабай шығып кеткенде, Игілік жігіттерді сөзге айналдырып бөгей тұрмақ еді, бірақ оның рет болмай қалды. Мысалда екінші компонент соңғы үшінші компонентпен бірақ қарсылық жалғаулығы арқылы байланысады. Дәл осы сияқты, аралас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің сабақтаса байланысу тәсілінде де жалпы сабақтас құрмаластағы жай сөйлемнің құрмаласу тәсілінен ешқандай өзгешелігі жоқ.

Мұндағы сабақтаса байланысатын жай сөйлемдер де өзі жетегінде тұратын компоненттерге етістіктің есімше, көсемше, шартты рай арқылы құрмаласады. Жоғарыда келтірілген мысалдағы сабақтаса байланысқан жай сөйлемдер дәл осы айтылған формалар арқылы құрмаласқан. Сөйтіп, бұл айтылғандардан байқалатын нәрсе-аралас құрмалас сөйлем дегеніміз жай сөйлемдер құрмаласуының салалас, сабақтастан бөлекше тұратын, үшінші бір тәсілі емес, сол негізгі екі тәсілдің-салаласу мен сабақтасу тәсілінің бір құрмаластың ішіне топтасқан түрі болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Құрмалас сөйлем түрлері туралы не білесің?
2. Салаласу арқалы байланысқан жай сөйлемдер қалай жасалады?
3. Сабақтасу арқалы байланысқан жай сөйлемдер қалай жасалады?
4. Араласу арқалы байланысқан жай сөйлемдер қалай жасалады?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
2. С.Мырзабеков. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А. 1992
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А.1994
4. Т.Сайранбаев. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы, 1996
5. Т.Сайранбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алм. 1992 ж
7. Ш.Құсайынұлы. Синтаксис. Алматы. 2003 ж
8. Қазақ тілінің грамматикасы 2-том, Алматы. 1987 жыл
9. С.Аманжолов, А.Ұйықбаев. Қазақ тілінің синтаксисі. Алматы 1990
10. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. 1995.

Салалас құрмалас сөйлем.

Жоспары:

1. Салалас құрмалас сөйлем.
2. Салалас құрмалас сөйлем түрлері.
3. Жалғаулықты салалас сөйлем
4. Мезгілдес салалас сөйлем
5. Талғаулықты салалас сөйлем
6. Қарсылықты салалас сөйлем

Тірек түсінік: Салалас құрмалас жайлы. Салаластың жасалу жолдары. Салаластың жалғаулықты және жалғаулықсыз түрлері.

Құрамына енген жай сөйлемдері грамматикалық жағынан бір-біріне бағынышты, тәуелді болмай, өзара теңдік қатынаста айтылып, синтаксистік құрылысы және мағынасы жағынан бір бүтін болып тұратын құрмалас сөйлем-салалас құрамалас сөйлем деп аталады. Салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің өзара тең болып келуінің негізгі себебі-ола компоненттердің баяндауыш формасында.

Баяндауыш формасы жағынан алғанда салалас сөйлем компоненттері жіктік жалғаулы формада, яғни етістіктің ашық райында айтылады да, өз бастауыштардың қиыса байланысады. Ал, компоненттер бірлігі, олардың өзара байланыстылығы жай сөйлемдер арасында немесе жай сөйлемдер ішінде келген әртүрлі жалғаулықтар, жалғаулық мәнді сөздер арқылы, компоненттердің мағыналық және структуралық жағынан бірліктері, өзара байланыстылықтары арқылы, осылардың негізінде туған интонациялық тұтастық арқылы қамтамасыз етіледі. Салалас құрмалас сөйлемнің сабақтас құрамалас сөйлемнен негізгі өзгешелігі-компоненттерінің грамматикалық жағынан бір-біріне тәуелді болмай, өзара тең болып келуінде.

Бірақ компоненттер теңдігі, дербестігі деген нәрсенің өзін де шартты түрде түсіну керек. Мұндағы теңдік, дербестік қалыпты жай сөйлемдер арасында болатын дербестік емес, өйткені мұндағы компоненттер сабақтас сөйлемдегі сияқты бір-біріне бағынышты, тәуелді болып, бір-бірінің жетегінде айтылмағандарымен салаласа байланысудың әр түрлі тәсілдері, жолдары арқылы өзара тығыз байланысты бір бүтін болып тұрады. Олай болатын себебі салаласу дегеніміздің өзі де грамматикалық байланыстың, яғни тілдік элементтердің бір-бірімен синтаксистік қатынасқа келуінің бір түрі.

Ал, грамматикалық байланысқа келген элементтердің өзара не мағыналық, не грамматикалық жағынан, белгілі шамада болса да, бірімен-бірі ұштасып жататыны белгілі. Міне, сондай ұштастық, бірлік салалас сөйлем компоненттері арасында да болады. Оны анығырақ байқау үшін төменде келтірілген мысалдан талдап көрейік:

1. Жел артымыздан еді. Ауылдан он-он бес шақырым шықтық. Елдің жаздай жайлап шаңын шығарып тастаған жайлауын қақ жарып құбылаға бет қойып келе жатырмыз.

2.Жылап отырған болу керек, екі иіні жоғары көтеріліп селк-селк етеді айнадан ап-анық көрініп тұр. Мен ондай хан баласына таңсық емеспін,өзім де хан баласымын: сұлтанға таңсық емеспін, өзім де сұлтанмын.

Келтірілген екі топ мысалдың алдыңғысы-дербес жай сөйлемнен құралған бір абзац. Мұндағы жай сөйлемдер арасында бір-бірімен не мағыналық, не грамматикалық байланыс, салаластық қатынас жоқ. Сондықтан олардың әрқайсысы басқаға тәуелсіз, өз алдына жеке сөйлем болып тұр. Ал, мысалдың екінші тобында көп жай сөйлем болғанымен олардың бір де бірі өз алдарына дербес сөйлемдер емес, олар бір-бірімен мағыналық, грамматикалық байланыста айтылып, құрамалас сөйлемнің жеке компоненттері ғана болып тұр.

Компоненттер байланысының айтылған тәсілдер арқылы құрамаласуымен қатар, солардың негізінде туған интонация тұтастығы да салалас байланысудың бір тәсілі болып табылады. Мысалдың бірінші тобындағы жай сөйлемдер арасында бұлардың бір де бірі жоқ. Сондықтан олардың әрқайсысы басқаға тәуелсіз, өз алдарына жеке-жеке сөйлемдер. Бұдан шығатын қорытынды салалас сөйлем болу үшін оның құрамына енетін жай сөйлемдер мағыналық жағынан бір-бірімен байланысты, интонациялық жағынан бір бүтін болып келуі, яғни өзара салаластық байланыста айтылуы шарт.

Қазақ тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша салалас құрамалас сөйлем, компоненттерінің бір-бірімен құрамаласу жолдарына қарай, күрделі екі топқа бөлініп жүр. Олардың бірі-жалғаулықты салалас құрамалас сөйлем деп аталады да, екіншісі-жалғаулықсыз салалас құрамалас сөйлем деп аталады.

Жалғаулықты салалас құрамалас сөйлем

Жалғаулықты салалас құрамалас сөйлемге компоненттері бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы құрамаласатын салалас сөйлемдер жатады. Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрамаластыру функциясында қолданылатын жалғаулықтар негізгі мағыналық ерекшеліктеріне қарай мезгілдес мәнді жалғаулықтар, себеп мәнді, қарсылық мәнді, талғау мәнді, кезектес мәнді жалғаулықтар болып бес түрге бөлінеді де, осы жалғаулықтардың қай түрінің қатынасы арқылы жасалып тұрғанына қарай сөйлем де сол жалғаулық атымен мезгілдес мәнді салалас сөйлем, қарсылық мәнді салалас сөйлем дегендер тәрізді аттарымен аталып топталады.

Мезгілдес салалас сөйлем. Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрамаластыруда өте жиі қолданылатын да, де, та, те жалғаулықтар. Үндестік заңының әсерімен түрленіп айтылатыны болмаса, бұл -да деген бір ғана жалғаулық. Бұл жалғаулық салалас құрамалас сөйлем жасауға әр компонент ішінде қайталанып та, қайталанбай екі жай сөйлем арасында да қолданылады.

Мыс: Менің артымнан тағы бір қыз туды да, әке-шешем атын Балтуған қойды. Да жалғаулығы арқылы құрамаласқан компоненттер мезгілдес болған іс-әрекет, жай-күйді баяндайды. Мыс: Торпақты сол арада біреу сатып алды да, ақшасын Істі қалтасына салды. Бұл келтірілген мысалда сөйлем мезгілдес жағынан іркес-тіркес болады.

Себептес салалас сөйлем. Өйткені, себепі деген жалғаулықтар арқылы жасалатын жай сөйлемдердің соңғысы іс-әрекеттің себепін білдіреді де, алдыңғысы сол себептен туған, нәтижені, салдарды білдіреді.

Мыс: Оның бұл толқығанын Әмір байқаған жоқ, өйткені ол аң-таң болып барлық назарын Әбдрахманның түрінің жан танымастай өзгеріп кеткенінен аударды. Мысалдағы салалас сөйлемдердің барлығы да әуелі, болған, істелген іс-әрекет, жай-күй айтылады да, соңынан оның солай болу себебі, ненің нәтижесінде, неліктен солай болатындағы баяндалады. Сөйтіп, өйткені, себебі жалғаулықтары болған, болатын я болып жатқан іс-әрекет, жай-күйдің солай болу себебін білдіретін жай сөйлем алдында келеді де, соның құрамына енеді. Сондықтан бұл жалғаулықтар себеп жалғаулықтар деп аталады.

Қарсылықты салалас сөйлем. Қарсылықты салалас сөйлемге компоненттерінің мағыналары бір-біріне қайшы келетін сөйлемдер жатады. Салалас құрмалас сөйлемнің бұл түрі бірақ, дегенмен, әйтсе де, әйткенмен, сөйтсе де, сөйткенмен, сонда да, солай бола тұрса да, солай болғанмен жалғаулықтар арқылы және жалғаулық мәнді тіркестер арқылы жасалады. Онша үлкен төрелігім жоқ, әйтсе де айтып көріңіз.

Қарсы мәнді білдіретін жалғаулықтардың тіліміздегі басқа жалғаулықтардан өзгешелігі-бұлардың басым көпшілігі толық мағыналы сөздік қасиеттерінің әлі де болса айрыла қоймағандықтарында, контекске қарай кейде негізгі мағыналы сөз, сөйлем мүшесі қызметінде де қолданылатындықтарында.

Талғаулы салалас сөйлем. Талғаулы салалас сөйлем, компоненттерде баяндаған әрекеттердің екшелеп, талғанып, әйтеуір біреуінің болатындығын немесе болу керектігін баяндайды. Талғаулы салаластың компоненттері, салалас құрмаластың басқа түрлеріндей емес, тек интонациялық жағынан ғана болмаса, мағыналық жағынан бір-біріне тәуелсіз, дербес әрекеттерді баяндайды. Мыс: Күн жылынып еді, көк қаулап өсе бастады,-деген салалас құрмаласта компоненттер бір-бірімен мағыналық жағынан ұштасып жатады.

Талғаулы салаластың өзіндік бір ерекшелігі-мұның құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулықсыз құрмаласа алмайды, тек жалғаулықтар арқылы ғана құрмаласады. Талғаулы салаластың жалғаулықсыз түрінің болмауының бір себебі де, жоғарыда айтылғандай, компоненттерінің мағыналық жағынан бір-бірімен іліктес болмай, әрқайсыларының өз алдына дербес әрекеттерді баяндауларынан.

Сөйлемге талғаулық мағына беретін және жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыратын жалғаулықтар-не, немесе, я, яки, болмаса, я болмаса, әйтпесе, әлде, мейлі, құй -деген талғаулықты жалғаулықтар. Бір топқа жатқызылып, бір ғана атаумен атала тұрса да, бұлардың ішінде өзіндік мағыналық және қолданылу ерекшелігі бар жалғаулықтар аз емес. Оны мына мысалдан байқауға болады: Бір істің шындығын не көзімен көрген айтар, немесе құлағымен есіткен айтар. Мысалдың бірінші сөйлем компоненттерде айтылған, әрекеттердің қайсысының болатындығын кесіп айтпай, әйтеуір бірі болар деген мағынада баяндайды.

Кезектес салалас сөйлем. Кезектес салалас сөйлем деп, құрамына енген жай сөйлемдердің мағынасынан байқалатын іс-әрекеттердің бірінен соң бірі кезектесіп болып отыратындығын білдіретін салалас құрмалас сөйлемді айтамыз. Кезектес салалас сөйлем компоненттері бір-бірімен бірде, біресе, кейде деген кезектестік жалғаулықтар арқылы құрмаласады. Мыс: Біресе бұлбұл нақышты, көп

ырғақты Жиырма бесті-созады, бірде назды қоңыр, кең тынысты Жанбота шығады.

Кезектес мәнді жалғаулықтардың бір-бірінен айтарлықтай мағына өзгешеліктері жоқ, сондықтан олар бірінің орнын екіншісі ауыстыра бере алады және ондай ауыстырудан сөйлем мағынасына ешқандай нұқсан келмейді.

Сөйлем мүшелік қызмет атқаратын әрбір сөздің сөйлемде қалай болса солай тұра салмай, белгілі тәртіппен орналасатындығы сияқты, құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасуында да белгілі қалыптасқан тұрақты заңдылық болады. Құрмалас сөйлем компоненттерінің қалыптасқан белгілі тәртіппен орналасуы жай сөйлемдердің құрмаласуында шешуші роль атқарады. Егер компоненттердің тілімізде қалыптасқан орын тәртібі бұзылса, жай сөйлемдердің бір-бірімен байланысы, сөйлемнің құрмаластық қасиеті жойылып қана қоймайды, солармен бірге, сөйлемнің ұғымы ауырлап, тіпті, ол кейде сөйлем болудан қалады. Сондықтан сөйлем мүшелерінің орын тәртібі сөздердің синтаксистік қатынастарының басты бір көрсеткіші болатыны сияқты, құрмалас сөйлем компоненттерінің орын тәртібі де жай сөйлемдерді құрмаластырудың елеулі бір тәсілі болып есептеледі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Салалас құрмалас сөйлем түрлері қандай?
3. Жалғаулықты салалас сөйлем қандай түрлері бар?
4. Жалғаулықсыз салалас сөйлем қандай түрлері бар?
5. Жалғаулықты салалас сөйлем қалай жасалады?
4. Жалғаулықсыз салалас сөйлем қалай жасалады?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
2. С. Мырзабеков. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А. 1992
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А. 1994
4. Т. Сайранбаев. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы, 1996
5. Т. Сайранбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алм. 1992 ж
7. Ш. Құсайынұлы. Синтаксис. Алматы. 2003 ж
8. Қазақ тілінің грамматикасы 2-том, Алматы. 1987 жыл
9. С. Аманжолов, А. Ұйықбаев. Қазақ тілінің синтаксисі. Алматы 1990
10. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. 1995.

Сабақтас құрмалас сөйлем

Жоспары:

1. Сабақтас құрмалас сөйлем.
2. Сабақтас құрмалас сөйлем түрлері.
3. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас
4. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас
5. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем
6. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
7. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас
8. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем
9. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Тірек түсінік: Сабақтас құрмалас жайлы. Сабақтастың жасалу жолдары. Сабақтастың жалғаулықты және жалғаулықсыз түрлері.

Құрмалас сөйлем жасаудың екінші негізгі тәсілі-жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра байланыстыру. Сабақтас құрмалас сөйлем деп компоненттері өзара тең болмай бір-біріне бағына, бірін-бірі бағындыра байланысатын құрамалас сөйлемді айтамыз. Бағынушы компонент мейлінше тиянақсыз болады, сондықтан ол жеке айтылмайды, айтыла қалған күнде де өз бетінше тұрып сөйлем бола алмайды. Ал бағындырушы компонент бағыныңқы сөйлемсіз де өз алдына сөйлем болып айтыла алады.

Мысалы талдап көрейік: Әншейінде қазақ жиыны отырып сөйлесетін болса, қазір ұлықтың алдында олар аяғынан тік басады. Ұзақ жолдан үздіккен Базаралы Семей қаласына келгенде, өз үйіне жеткендей-ақ бар денесі кеңі бастады.

Мысалдағы сабақтас құрмалас сөйлемнің барлығы да екі-екі жай сөйлемнен құралған. Олардың бірінші компоненттерінде сөйлемдік тиянақтылық жоқ та, екінші компоненттері өз алдына сөйлем. Сөйтіп, сабақтас құрмалас сөйлемнің бір компоненті бағынушы, тәуелді болып тұрады да, екіншісі тәуелсіз, өз бетінше сөйлем болып тұрады.

Бағынышты, тиянақсыз компонент бағыныңқы сөйлем деп аталады да, өз бетінше тиянақты болып тұратын компонент басыңқы сөйлем деп аталады. Басыңқы сөйлем бағыныңқы сөйлемді жетектеп, оны өзіне бағындырып, құрмалас сөйлемді тиянақтап тұрады. Сондықтан бағыныңқы сөйлем бұрын, басыңқы сөйлем содан кейін тұрады. Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненті де, әдетте, сөйлем деп аталады. Бірақ олай аталғанмен мұнда қалыпты сөйлемдерге тән қасиеттердің көпшілігі жоқ. Бұл шын мағынасындағы сөйлем емес, күрделі сөйлемнің бір бөлшегі, бір мүшесі ғана. Сондықтан мұның өмірі, тіршілігі, сөйлемдік сәні құрмалас сөйлемнің құрамында айтылғанда ғана.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердегі негізгі ой, көпшілік жағдайда басыңқы жай сөйлемде беріледі де, бағыныңқы компонент сол басыңқыдағы ойды түрлі жағынан айқындап, дәлдеп түсіндіру үшін қолданылатын қосымша бір мүше ретінде тұрады. Мысалы: **бұлар Оспан үйінде үш күн** бойы қонақ болып жатқанда, Анна Митрофанованың иығына қалың қара жібектей тысталған бұлған

ішік жабылғанды. Мысалдың бастапқы сөйлемінің бірінші компоненті қашан? деген сұрауға жауап болып, екінші компоненттегі әрекеттің мезгілін білдіріп тұр. Бұлғын ішік қашан жабылғанды?-Бұлар Оспан үйінде үш күн бойы қонақ болып жатқанда.

Бағыныңқы жай сөйлемдердің барлығы бірдей, жоғарыда талданған мысалдағыдай, басыңқы компонентке меңгеріле байланысып, оның тұрлаусыз мүшесі тәріздес болып келе бермейді. Өз басыңқысымен мұндай қатынаста тұратындар, негізінде, мезгіл, себеп, мақсат, амал бағыныңқылар. Бағыныңқы компоненттің бұлардан басқа түрлері басыңқы компонентке меңгерілмей, онымен тең қатынаста, байланысып тұрады.

Мұндай байланыстағы бағыныңқы жай сөйлемдер басыңқы сөйлемде баяндалатын әрекетке тәуелсіз, дербес жай-күйлерді, әрекеттерді білдіреді. Сондықтан бұлардағы сабақтастық, бағыныштылық - мағына бағыныштылығы, мағына тәуелділігі, тұлғалық бағыныштылығы ғана болады.

Сабақтас құрмаластың қарамағына түскен жай сөйлемдердің бір-бірімен өзара байланысы, ара қатынасы олардың тек жай ұласу, жалғасуы ғана емес, мағыналық және тұлғалық жақтарынан өзара тығыз, берік байланысқа түсіп, бір-бірімен ұласа айтылған күрделі ойдың бірлігі. Сабақтас құрмалас сөйлемдер өзара топталып жікке бөлінгенде, бағыныңқы компонент негізге алынады. Бағыныңқының басыңқымен аралық қарым-қатынасы қай дәрежеде болуына байланысты сабақтас сөйлемнің түрлері ажыратылады. Олай болса, сөйлемнің бағыныңқы бөлшегі сабақтастың түрлерін саралауда ең басты қызмет атқарады.

Бағыныңқы компоненті, әдеттегідей, тиянақсыз болса да, сөйлем деп танысақ, оның өзіне тән мынадай басты-басты белгілері болады.

- 1) Өзіне тән ой дербестігі
- 2) Предикаттық қатынас негізінде құралу.
- 3) Ұластырушы интонациямен айтылу.

1) Бағыныңқы сөйлемнің өзіне тән жеке ой дербестігі болу ең басты критерий, өйткені өз алдына дербес ойға ие бола алмаған компонент сөйлем де бола алмақшы емес. Дербес мағыналы ойды тар көлемде түсінуге болмайды. Кейде жеке сөздердің де дербес ойға ие бола алуы мүмкін, алайда мұндағы ой-ұғым дәрежесінен арта алмайды.

2) Бағыныңқы сөйлемнің екінші бір өзіндік белгісі-предикаттық қатынастың негізінде құралу. Сөйлем атаулының басым көпшілігі, негізінде, бастауыш пен баяндауыштың төңірегінде құралады. Сондықтан олар сөйлемнің түп қазығы, арқауы болып саналады. Олай болса, әрбір бағыныңқы сөйлемнің басыңқыдан бөлек өз алдына айырым дербес бастауышы мен дербес баяндауышы болуы қажет. Ал, сабақтас құрмаластың бір сыңары жақсыз сөйлем түрінде келсе, онда болатын логикалық субъектіге қарамай, сөйлемнен грамматикалық бастауыш талап етілмейді. Екеуі қосылып айтқан соң, тыңдамасқа бола ма?

3) Бағыныңқы сөйлемдердің үшінші белгісі -интонациялық жік. Интонациялық құбылыс кез келген сөйлем атаулыда, тіпті синтагмалық топтарда да болатыны белгілі. Алайда бұлардағы дауыс интонациясымен бағыныңқы сөйлемдерде болатын дауыс интонациясы бірдей емес. Алғашқыларындағы дауыс интонациясы

ритмикалық кідіріс ретінде ғана көрінсе, соңғыларында бұл интонация айтылуы жағынан екінші бір сөйлеммен ұласқан болып келеді.

Кез келген сабақтас құрмалас сөйлем басынан аяғына дейін бір сыдырғы дауыспен айтыла бермей, оның құрамындағы компоненттер бір-бірінен айрықша пауза арқылы бөлініп тұрады. Алайда бұларда болатын дауыс ырғағының қимылы бірдей емес: алғашқы сөйлем күшті әуенмен айтыла келіп, екіншісінде бәсеңдейді. Теңіз демалысы қанша қатты болса да, саққұлақ немістер көп мотордың күжілін есітіп қалыпты.

Мұнда алғашқы сөйлем көтеріңкі де қарқынды интонациялық толқынмен айтыла келіп, екінші сөйлемде ол бірден бәсеңдеп кетпей, шамалы түрде баяулап барып тоқталады. Егер де интонациялық толқынның желісі бұлай болмай, кілт тоқтап қалса, онда мұның жай сөйлемге қатысты болғаны: Мен кеше қаладан келдім. Бұл жай сөйлем өзінің айтылу сазына қарай бір ғана интонациялық толқынға ие болып тұр. Көтеріңкі басталған дауыс қарқыны біртіндеп келіп баяулайды.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері

Сабақтас құрмалас сөйлемдерді түрге бөлгенде, олардың бағыныңқы компоненттері мен басыңқы компоненттерінің, жоғарыда көрсетілгендей, мағыналық қарым-қатынастары басшылыққа алынады. Бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің мағыналық қатынасына қарай сабақтас құрмалас сөйлем мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1)Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
- 2)Қарсылықты бағ .сабақтас сөйлем
- 3)Салыстырмалы бағ.сабақтас сөйлем
- 4)Мезгіл бағ.сабақтас құрмалас сөйлем
- 5)Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
- 6)Қимыл-сын бағ.сабақтас сөйлем
- 7)Мақсат бағ.сабақтас құрмалас сөйлем

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрамалас сөйлем. Бағыныңқы жай сөйлем басыңқы жай сөйлемдегі іс-әрекет, жай-күйдің болу-болмауының шартын білдірсе, ондай сабақтас құрмалас сөйлем шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем деп аталады. Мысалы: Тәкежан Абаймен араз, қырбай болса, түбінде Оразбайды табатыны бұрын да шешілген. Осы сөйлемде Тәкежанның Оразбайды табуының, соның жағына шығуының шарты оның Абаймен араз болуы.

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем сабақтастың басқа түрлерінен компоненттерінің мағыналық қатынастары арқылы ғана ажыратылмайды, сонымен бірге бағыныңқы компонентінің баяндауыш формалары арқылы да жекеленеді. Шартты бағыныңқы, жоғарыда айтылғанындай, өз басыңқысы мен етістіктің шартты райы арқылы құрмаласады. Екі жай сөйлемді құрмаластырушы шартты рай не дара күйінде, немесе басқа бір сөзге көмекші болып тұрып, бағыныңқы жай сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Мысалы: Бұл әңгімені анау қайын жұрт білсе, ағайын алалығы туып кетуі де мүмкін. Бұл сөйлемде шартты рай бағыныңқы жай сөйлем баяндауышы қызметін жеке тұрып атқарады.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Қарсылықты сабақтас сөйлемге жай сөйлемдері мағыналық жағынан бір-біріне қайшы келетін сабақтас құрмалас сөйлемдер жатады. Компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан алғанда, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем қарсылықты сабақтас сөйлемге өте ұқсас.

Екеуінің компоненттері де мағыналары бір-біріне қайшы келетін оқиғаларды, жай-күйлерді баяндайды. Бұл екеуінің арасындағы өзгешелік компоненттерінің бір-бірімен құрмаласу тәсілінде-бірінің салаласа, екіншісінің сабақтаса құрмаласуында ғана. мыс: Ол келді, бірақ мен жолыға алмадым. Ол келгенмен, мен жолыға алмадым. Компоненттерінің мағыналық қатнастары жағынан алғанда, біртектес сөйлемдер. Екеуінде де компоненттер бір-біріне қайшы мағынаны білдіреді. Ал құрмаласу тәртібі жағынан алғанда, алдыңғысы-салаластың қарсылықты түрі де, соңғысы-сабақтастың қарсылықты түрі.

Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Сабақтас құрмаластың кейбір түрлерінде бір жай сөйлемдегі әрекет, жай-күй екінші жай сөйлемдегі әрекетпен, жай-күймен салыстырыла, ұқсастырыла айтылады. Мысалы: Майдандағы сіздердің халдеріңіз қандай болса, мұндағы біздің халіміз де сондай. Бұл мысалдың бірінші сөйлемінде сөйлеуші адам өзінің хал-жайын майдандағы жауынгерлердің хал-жайымен салыстыра көрсетеді.

Осылар тәріздес, компоненттерінде баяндалатын оқиға, жай-күй бір-біріне салыстырыла, теңдестіріле көрсетілетін сабақтас құрмалас сөйлемдер салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерде, негізінде тиянақты, соңғы жай сөйлемдегі оқиға, жай-күй алдыңғы бағыныңқы жай сөйлемдегі оқиғамен, жай-күймен салыстырылады.

Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем. Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің, оқиғаның мезгілін білдіріп тұратын сабақтас құрмалас сөйлем мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады. Сабақтастың бұл түріндегі бағыныңқы компонент басыңқы компонентке немесе оның баяндауышы қызметінде қолданылған етістік сөзге меңгеріліп, соның жетегінде айтылады да, соны мезгілдік жағынан пысықтап, қалыпты мезгіл пысықтауышының сұрауына жауап болып тұрады.

Мысалы: Отыз елубасын начальник санап тұрғанда, қазақ тілмаш та қатты саңқылдап қайталап айтып тұрды. Бұл мысалда бағыныңқы жай сөйлем басыңқы жай сөйлемдегі әрекеттердің болу мезгілін білдіріп тұр. Әрине, олардағы мезгілдік қатынас біркелкі емес. Әр сабақтас сөйлемдегі компоненттердің мезгілдік қатынастарында азды-көпті болса да, өзіндік мағыналық ерекшеліктері бар.

Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемдер әртүрлі тәсілдер арқылы жасалады.

1) Жатыс жалғаулы есімшеден: Дәрмен, Мағаш, Кәкітай үшеуі бір-біріне үнсіз қарасқанда, бәрінің көзінде де бұл сәтте үлкен ырзалық бар.

2) Өткен шақтық есімшеге -ша, -ше жұрнағы қосылуы арқылы жасалады: Жылқыға Абылғазы қолы жетіп араласқанша, мың сан тұяқтардың құжырлы сепіндерінен ұшқан шиыршық қар енді бүкіл өңірді ақ түтек етті. 3) Атау тұлғалы есімшеге сайын, соң, кезде, күнде, уақытта, мезгілде, сәтте, күні, жылы дегендер

тәріздес сөздердің көмекші болып айтылуы арқылы жасалады. Бұл арадағы майдан біткен соң, ол топ жылқының соңынан шаба жөнелді.

4) Барыс жалғаулы есімшеге шейін, дейін шылаулары тіркесіп айтылу арқылы жасалады. Торғай, шымшық, қарлығаш, бөдене сияқты кішкене құстардың балапандары ұшқанға шейін, жылан оларды ұясына барып жұтады.

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің болу-болмауының себебін білдіріп, басыңқы компоненті сол себептен туған нәтижені, салдарды білдіретін сабақтас сөйлем себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы жай сөйлемі басыңқы сөйлемнің етістіктен болған мүшесіне, әсіресе оның баяндауышына, меңгеріліп, соған жетектеліп тұрады да, қалыпты себеп пысықтауыш тәріздес қызмет атқарады.

Мысалы: Абайдың осындай шағындағы шын мұңдасы Ербол ғана болғандықтан, жаңағы бір әзірде оның жалғаз келгенін ақын теріс көрген жоқ. Осы сөйлемде ақынның Ерболдың жалғыз келуін теріс көрмеуінің себебі-оның өзімен бірден-бір сырлас, мұңдас адам болуында. Мұндағы Абайдың осындай шағындағы шын мұңдасы Ербол болғандықтан деген бағыныңқы сөйлем тұтасымен тұрып неліктен? не себептен? деген сұрауға жауап береді.

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауышы бірнеше түрлі формада да айтылады және өз басыңқысымен сол формалар арқылы құрмаласадy. Ол формалар мыналар:

1) Бағыныңқы компонент -дықтан, -діктен қосымшалы өткен шақтық есімшеге аяқталады: Бұл есімшелер бағыныңқы компонентке дербес баяндауыш болуы да, баяндауыш болып тұрған сөзге көмекші болуы да мүмкін. мыс: Үлес жөнінде әлі ойын ашпаған Абай болғандықтан, Тәкежан енді бұның өзінен ішіндегі ниетін сұрады.

2) Бағыныңқы компонент соң шылаулы өткен шақтық есімшеге аяқталады: Тымырсық ыстыққа тыныс тарылған соң, өзіңді сабалап жел іздейсің.

3) Бағыныңқы компонент -ып, іп, -п, -а, -е, -й жұрнақты көсемше етістіктерге аяқталады: Ол мезгілді уақытында келе алмай, біз біраз кешігіп қалдық.

Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Бағыныңқы жай сөйлемі басыңқы жай сөйлемдегі іс-әрекеттің сындық амалын, қалай болғандығын білдіретін сабақтас құрмалас сөйлем амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады. Сабақтас құрмаластың алдыңғы мезгіл, салыстырмалы, себеп бағыныңқылы түрлері сияқты, амал бағыныңқылы сабақтастың компо ненттері де бірі екіншісіне бағыныңқы, тәуелді болып, соңғысы алдыңғысын жетектеп, меңгеріп тұрады, яғни меңгеру принципіне негізделеді.

Сондықтан бағыныңқы компонент тұтасымен басыңқы компоненттің немесе оның өзін меңгеріп тұрған баяндауышының бір ғана тұрлаусыз мүшесі функциясында келеді де, қалыпты сын пысықтауыш сияқты, қалай, қайтіп деген сұрақтардың біріне жауап береді. Еркежан қатты қайрат көрсетіп, кешегі Шұбарға берген жауабынан бүгін да аумай тұрып алды. Мысалда бағыныңқы компонент қалай, қайтіп деген сұрауға жауап болып, басыңқы сөйлемнің аумай тұрып алды деген баяндауыштың жетегінде тұрады.

Амал бағыныңқы сабақтастағы бағыныңқы компоненттің мағыналық жағынан жай сөйлемдегі сын пысықтауыштарына ұқсастықтарына қарай кейбір әдебиеттерде сабақтастың бұл түрі амал пысықтауыш бағыныңқы сабақтас сөйлем деп аталады.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің, оқиғаның болу-болмауындағы мақсатты білдіретін сабақтас құрмалас сөйлем мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деп аталады. Мақсат бағыныңқылы сабақтастағы бағыныңқы жай сөйлем басыңқы сөйлемнің жетегінде айтылып, оған меңгеріле, бағына байланысады да, басыңқы компоненттің немесе оның баяндауышының жетегіндегі тұрлаусыз мүше тәріздес болып тұрады.

Мақсат бағыныңқының басыңқы компонентпен мағыналық қатынасы жағынан сөйлемнің тұрлаусыз мүшесіне, әсіресе мақсат пысықтауышына, ұқсастығына қарай кейбір әдебиеттерде сабақтастың бұл түрі мақсат пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас сөйлем деп те аталады.

Мысалы: Біреу-міреу секем алып жүрмесін деп, біз екі-үштен бөлініп кеттік. Осы сөйлемде біреу-міреу секем алып жүрмесін деп деген бағыныңқы компонент не мақсатпен? не үшін? деген сұрауларға жауап болып, басыңқы компоненттегі екі-үштен бөлініп кетудің мақсатын білдіріп тұр. Мақсат бағыныңқылы сабақтаста бағыныңқы компонент басыңқы компонентпен өзінің мынадай баяндауыш формалары арқылы құрмаласады:

1) Бағыныңқы компонент үшін шылаулы тұйық етістікке аяқталады: Қыстың ызғары өтпеу үшін, қоңыз інді терең қазады.

2) Бағыныңқы компонент деп көмекшісіне тіркесіп келген етістік түрлеріне аяқталады деп көмекшісіне тіркесіп айтылған етістік бұйрық райдың 1,3 жағында тұруы да, есімше формада тұруы да мүмкін. Аяғымның сырқырағаны басылар ма екен деп, ол тізесін отқа қыздырды.

3) Бағыныңқы компонент бол көмекшісіне тіркесіп келген-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек жұрнақты етістікке аяқталады. Абайлар Ойқұдықтағы ауылға жете қонбақ болып, аттарын шоқыта, сар желіске сала жөнелді.

Аралас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің сабақтаса байланысу тәсілінде де жалпы сабақтас құрмаластағы жай сөйлемнің құрмаласу тәсілінен ешқандай өзгешелігі жоқ.

Мұндағы сабақтаса байланысатын жай сөйлемдер де өзі жетегінде тұратын компоненттерге етістіктің есімше, көсемше, шартты рай арқылы құрмаласады. Жоғарыда келтірілген мысалдағы сабақтаса байланысқан жай сөйлемдер дәл осы айтылған формалар арқылы құрмаласқан. Сөйтіп, бұл айтылғандардан байқалатын нәрсе-аралас құрмалас сөйлем дегеніміз жай сөйлемдер құрмаласуының салалас, сабақтастан бөлекше тұратын, үшінші бір тәсілі емес, сол негізгі екі тәсілдің-салаласу мен сабақтасу тәсілінің бір құрмаластың ішіне топтасқан түрі болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сабақтас құрмалас сөйлем туралы не білесің?
2. Сабақтастың түрлері туралы қандай?

- 3.Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады?
- 4.Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады?
5. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады?
- 6.Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады?
- 7.Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады?
- 8.Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады?
- 9.Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
- 2.С.Мырзабеков. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А. 1992
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А.1994
4. Т.Сайранбаев. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы, 1996
5. Т.Сайранбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алм. 1992 ж
7. Ш.Құсайынұлы. Синтаксис. Алматы. 2003 ж
- 8.Қазақ тілінің грамматикасы 2-том, Алматы. 1987 жыл
- 9.С.Аманжолов, А.Ұйықбаев. Қазақ тілінің синтаксисі. Алматы 1990
- 10.А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. 1995.

Аралас құрмалас сөйлем

Жоспары:

1. Аралас құрмалас сөйлем.
2. Бірыңғай салаласа байланысуы
3. Бірыңғай сабақтаса байланысуы
4. Кемінде 3-4 не одан да көп компонентті болуы.

Тірек түсінік: Аралас құрмалас жайлы. Араластың жасалу жолдары. Аралас құрмалас сөйлемнің сабақтас пен салаластың қатысуында жасалуы, түрлері.

Құрмалас сөйлем құрамына енген жай сөйлемдер, жоғарыда айтылғандардай, өзара әрдайым не бірыңғай салаласа, не болмаса бірыңғай сабақтаса байланысып отырмайды. Көп жағдайда құрмаласудың осы екі тәсілінің бір сөйлем ішінде қатарымен келе беретін болады: Қарағандының қары биыл бұрқан-тарқан қауырт еріп еді, сай-салалар суға толып,қырдың тентек өзендері сарқылдап тасығалы кемерлеп тұр.

Мысалдағы құрмалас сөйлемнің барлығы да аралас құрмалас сөйлемге жатады. Өйткені ондағы әрбір құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысып келген. Мысалдағы үш жай сөйлемнен құралған алдыңғы құрмаластың бірінші жай сөйлемі екінші жай сөйлеммен сабақтаса байланысқан. Осылар тәріздес, құрамына енген жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем аралас құрмалас сөйлем деп аталады.

Аралас құрмалас сөйлем құрамында үш немесе одан да көп жай сөйлем бола береді. Жоғарыда келтірілген мысалдағы жай сөйлемдер құрамында үш жай сөйлем бар. Ал енді төмендегі құрмалас сөйлемдердің біріншісі төрт жай сөйлемнен құралса, соңғысы алты жай сөйлемнен құралған. Алғашқы айларда шоқ-шоқ қарағанға тіреле төгілген сары балшық ыржиып жатқанда, қазақ жұмыскерлері оны сары ауыз деп атап еді, қазір сары балшықтың бетін түгел көмір ұнтағы жауып кетті де, ол қара жыра атанды. 2. Лиза ойнап есік алдына шығып кетсе, әке-шешесінің дауыстары дыбырлап, сөздері еріксіз шығады да, Лиза үйге қайтса, сөз ортасынан үзіліп, аяқталмай тоқтағаны аңдалады.

Аралас құрмалас сөйлем үш жай сөйлемнен құралғанда ондағы салаласа байланысу да, сабақтаса байланысу да бір-бірден ғана болады. Ал егер ол төрт немесе одан да көп жай сөйлемнен құралған болса, онда салаласа байланысатын жай сөйлемдер де, сабақтаса байланысатын жай сөйлемдер де бірнешеуден болу мүмкін. Осының алдында келтірілген, төрт жай сөйлемнен құралған аралас құрмалас сөйлемнің тек Алғашқы айларда шоқ-шоқ қарағанға тіреле төгілген сары балшық ыржиып жатқанда деген бірінші жай сөйлемі ғана сабақтаса байланысқан да, қазақ жұмыскерлері оны сары ауыз деп атап еді, қазір сары балшықтың бетін түгел көмір ұнтағы жауып кетті де, ол қара жыра атанды деген

кейінгі үш жай сөйлем өзара салаласа байланысқан. Сол мысалдың алты жай сөйлемнен құралған соңғысында Лиза ойнап есік алдында шығып кетсе деген бірінші жай сөйлемі әке-шешесінің дауыстары дыбырлап деген екінші жай сөйлемге сабақтаса байланысса, бұл екіншінің өзі сөздері үздіксіз шығады да деген үшінші жай сөйлемге сабақтаса байланысады. Ал бұл үшінші жай сөйлем Лиза үйге қайтса деген төртінші жай сөйлемге салаласа байланысса, төртіншінің өзі сөз ортасынан үзіліп деген бесінші сөйлемге сабақтаса байланысқан. Сондай-ақ бесінші жай алтыншы жай сөйлеммен сабақтаса байланысқан.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер де бір-бірімен қалыпты салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластардағы жай сөйлемді құрмаластыру тәсілдері арқылы байланысады: Салалас құрмалас сөйлем сияқты, аралас құрмаластағы салаласа байланысатын жай сөйлемдер де бір-бірімен жалғаулықтар арқылы да, жалғаулықсыз да байланыса береді. Мысалы: Жабай шығып кеткенде, Игілік жігіттерді сөзге айналдырып бөгей тұрмақ еді, бірақ оның рет болмай қалды. Мысалда екінші компонент соңғы үшінші компонентпен бірақ қарсылық жалғаулығы арқылы байланысады. Дәл осы сияқты, аралас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің сабақтаса байланысу тәсілінде де жалпы сабақтас құрмаластағы жай сөйлемнің құрмаласу тәсілінен ешқандай өзгешелігі жоқ.

Мұндағы сабақтаса байланысатын жай сөйлемдер де өзі жетегінде тұратын компоненттерге етістіктің есімше, көсемше, шартты рай арқылы құрмаласады. Жоғарыда келтірілген мысалдағы сабақтаса байланысқан жай сөйлемдер дәл осы айтылған формалар арқылы құрмаласқан. Сөйтіп, бұл айтылғандардан байқалатын нәрсе-аралас құрмалас сөйлем дегеніміз жай сөйлемдер құрмаласуының салалас, сабақтастан бөлекше тұратын, үшінші бір тәсілі емес, сол негізгі екі тәсілдің-салаласу мен сабақтасу тәсілінің бір құрмаластың ішіне топтасқан түрі болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Аралас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Аралас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары қандай?
3. Аралас құрмаластарда жай сөйлемдердің орналасу тәртібі қандай?
4. Сабақтастардың қатысуында аралас құрмалас сөйлем қалай жасалады?
5. Салаластардың қатысуында аралас құрмалас сөйлем қалай жасалады?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
2. С.Мырзабеков. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А. 1992
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А.1994
4. Т.Сайранбаев. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы, 1996
5. Т.Сайранбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алм. 1992 ж
7. Ш.Құсайынұлы. Синтаксис. Алматы. 2003 ж
8. Қазақ тілінің грамматикасы 2-том, Алматы. 1987 жыл
9. С.Аманжолов, А.Ұйықбаев. Қазақ тілінің синтаксисі. Алматы 1990

10. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. 1995.

Тыныс белгілері, түрлері мен қызметі Жоспары

1. Тыныс белгілері, түрлері мен қызметі
2. Нүктенің, үтірдің қызметі жайлы
3. Қос нүкте, тырнақшаның қызметі
4. Сызықшаның қызметі

Тірек сөздер. Тыныс белгілерінің сөйлемдегі орны, тыныс белгілерінің қызметі. Тыныс белгілерінің қолданылу аясы.

Әрбір тыныс белгісі-сөйлемнің мағынасын айқындауыш көрсеткіш. Сондықтан бір тыныс белгісінің орнына екінші тыныс белгісін қоя салсаң, бір сөйлемнен әлденеше мағына ұғынылатынын білдік. Тіпті кейбір оңашаланған айқындауыш мүшесі бар сөйлемдегі айқындауышты үтірмен бөліп жазсақ, оны қарсылықты жалғаулықсыз салалас деп қалуға болады. Бір ғана мысал алайық: Халықтың қалап ұсынған кандидаттары-әр түрлі кәсіптің, әр түрлі мамандықтың адамдары-ірі ғалымдар мен өндіріс жаңашылдары, жазушылар мен жұмысшылар, тоқымашылар мен академиктер.

Осы сөйлемдегі кандидаттары деген сөзден және адамдары деген сөзден кейін сызықша қойып жазсақ қана мағына дұрыс ұғынылады. Демек, әрбір тыныс белгісі-әр сөздің, әрбір сөйлемнің мағыналарын дәлдеп дұрыс түсіндіруші шартты белгі, олай болса, аяқталған ойды білдіретін тілдің бір бүтін бөлшегі сөйлем болса, ол бір сөзден де, бірнеше сөзден де құралады. Сөйлем арқылы адам өзінің айтайын деген пікірін екінші біреуге ауызша не жазба түрде жеткізеді. Сөйлем сазына қарай қойлатын тыныс белгілері сөйлемдегі айтылатын оймен тығыз байланысты болады.

Осындай тыныс белгілерінің қатарына жататындар сөйлем аяғында қойылатын нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте. Сөйлем аяғында қойлатын бұл тыныс белгілері ойдың біршама аяқталғандығын білдіреді.

Нүкте кейде сөйлемдерді бір-бірінен бөлумен бірге күрделі ойды білдіретін бірнеше сөйлемді біріктіреді. Сөйлемдердің жігін айырып көрсетумен бірге дауыс үзілісін (паузадан) да ажыратады.

Проф. С.И.Абакумов нүкте жөнінде: «Точка ставится там, где пишущий находит нужным ее поставить, чтобы наиболее точно и ясно выразить свою мысль, чтобы читатель понял именно то, что хотел сказать писавший» деп, жақсы пікір айтқан.

Нүкте кейде сұрау, леп белгілерінің орнына да қолданылады. Леп пен сұрау белгісі ойдың аяқталумен бірге сұраулық, лептік мағынаны білдіреді. Ал нүкте аяқталған ойды хабарын ғана білдіреді.

Нүкте. 1. Біткен ойды білдіретін сөйлем аяқталған жерде дауыс ырғағы бәсендейді де, сөйлем тиянақты бір ойды білдіреді, сол жерге нүкте қойылады, мұндай жағдайда кейде нүктенің орнына үтір қойылады:

Бұтақпен ағаш сымбатты,
Ұрпақпен Адам қымбатты...

.....
Өспейді бұтақ бүршіксіз
Піспейді бидай қылтықсыз. (А.Т.).

Осы алынған үзіндідегі әрбір жолда аяқталған ойды білдіретін дауыс үзілісіне нүкте орнына үтір қойылған.

2. Кең түрде баяндау алдынан келетін жеке сөйлемнен не сөйлемге татырлық сөздерден кейін нүкте қойылады. Мысалы: Момын. Есдәулет-ау, асықпай, әр нәрсенің байыбына барып көрсеңізші. Сіз жас адамсыз. Кейде ыстықтай қауып қаласыз. (Ш.Х.).

3. Нүкте аяқталған толымды, толымсыз сөйлемдерден соң қойылады:

а) Жаман етікші біз тандайды. (мақал-мәтелдер)

б) Оқ жетпес жерге қылыш суырма. (мақал)

4. Бұйрық мәнді жай, хабарлай айтылған сөйлемдерден кейін нүкте қойылады.

Соқыр теке болмасын,

Аяқ-табақ сынбасын. (А.Т.).

5. Бір нәрсені істеуді, біреуден тілекті, өтінуді білдіретін сөйлемдерден кейін нүкте қойылады: Осы айтқаныңды басташы. Сенімен бір туғаным үшін шын бір қуанатын болайыншы. (М.Ә.).

6. Қыстырма сөйлемді алу үшін ашылған жақшаның алдындағы сөйлем аяқталып, оған тиісті тыныс белгілерінің бірі қойылған болса, қыстырма сөйлемнен кейін жақшаның ішінен нүкте қойылады: Ахмет үйінде қонақ болдың, ішер асыңды іштің (Ахмет деп ол қайнағасы Тәкежанды айтатын) (М.Ә.).

7. Драмалық шығармаларда әр сөйлеуші кейіпкердің атынан кейін ремарка (автордың түсіндірем сөздері) келсе, ол кіші әріппен жақша ішіне алынады да, нүкте жабылған жақшадан кейін қойылады: Жұмат (есіктен басын сұғып). Уәй, жігітім, бері жақында! (Есен жақын барады). Танисың ба мені? (Ш. Х.).

8. Кейіпкердің айтқан сөзіне тікелей қатысы жоқ, автордың түсінігі ретінде айтылған ремаркадан кейін, көбінесе, жақша ішіне нүкте қойылады. Шуақ: Сіздің үндемегеніңіз жақсы, үндемеңіз (қалтырап).

9. Адамның қысқарған аты-жөнінен кейін нүкте қойылады: А.Токмағанбетов, Б.Соқпақбаев, Н.Ғабдулин, М.Әлімбетов.

10. Сөйлемнің иесін көрсету үшін ашылған жақшаның алдындағы сөйлемнен кейін нүкте қойылады:

Білім-бақтың жібермейтін қазығы,

Білімсіз бақ әлдекімнің азығы (М.Ә.).

11. Нүкте атаулы сөйлемдерден кейін қойылады: Абажадай кең қора. Қараңғы. Жұлдыздай жылтырыап әр жерден қораның есігі көрінеді. (Б.М.).

12. Бірыңғай мүшелерді, біртектес сөздерді тегіс атап жатпас үшін, тағысын тағылар, тағы басқалар сияқты сөз тіркестері басқа әріптерінен қысқартылып пайдаланылады. Олардың әрқайсысынан кейін нүкте қойылып, т. т., т.б. түрінде жазылады.

13. Жақты сөйлемдерден кейін нүкте қойылады: Біз Әлтидің інісі Ақыш дегеннің үйіне түстік (С.М.).

14. Жақсы сөйлемдерден кейін нүкте қойылады: Ел ішіндегі жақыныңнан шыққан жауыз топтан кету керек. (М.Ә.).

15. Жалаң сөйлемдерден кейін нүкте қойылады: Алексей өзінің оңай олжаға алданып кеткеніне қатты ұялды. (Б.П.).

16. Егер «және» жағаулығынан басталған сөйлем дербес мағыналы болса, сол жалғаулық алдынан нүкте қойылады: Көп жерде мектептер салдырып, артына шәкірт қалдырған. Және кітап та, өлең де жазған (М.Ә.).

Нүкте мынадай жағдайда қойылмайды:

1. Күрделі қысқартылған сөздерден соң нүкте қоюға болмайды: Енсіз жапырақты кассия Пакистан мен Үндістанда өсіріледі.

2. Бастауыш мектеп оқулықтарынан басқа жерде бас тақырыптардан соң нүкте қойылмайды.

3. Егер цифрлы нөмірден немесе олардың орнына қойылатын әріптерден кейін жақша қойылса, онда жақшадан соң нүкте қойылмайды. Көркем әдебиеттің, оның ішінде поэзияның шын мағынасында көркем болуына үш шарт керек деп көрсетеді.

Жазып отырған дәуірінің объективтік шындығын айтып бере алу.

Сұрау белгісі – Сұраулық мағынасы бар, ауызекі тілде сұрау интонациясымен айтылатын сөйлемдерден не сөздерден соң сұрау белгісі қойылады. Сұрау белгісінің қойылу мағынамен тығыз байланысты:

Қара, бүтін жер қандай

Кешегі көн тулақ па?

Жерлерінді таныңдар!

Қара, бүгін ел қандай?

Кешегі бай - құлақ па?

Ерлерінді таныңдар!... (І. Ж.).

Сұрау белгісі кейде сөйлемдегі белгілі бір сөздік мәні оқушыға түсініксіз неге олай деген күдік туғызғанды аңғыру үшін қойылады да, түсініксіз сөзден кейін сұрау белгісі жақша ішіне алынады: Ақын бір басқан ізін қайта шарлай береді, бір мотивті, бір лирикалық кейіпкерді қайта-қайта оралып жырлап, сұлу қыздай поэзияны жалаңаштауға (?) салынады. («Қ. Ә.»).

Сұрау белгісі, мысалы: Қайтеді, шығар, болар деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыштың құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылса, ондай сөйлемдерден соң сұрау белгісі қойылады. Олардың қамын жемей қайтеді? (Ғ. Мұст.).

Леп белгісі. Лепті сөйлемдер мағыналық, тұлғалық өзгешеліктеріне қарай бірнеше мағынаға ие болады. Сөйлемдегі осындай мағыналарды сырттай белгілейтін – леп белгісі. Леп белгісі лепті сөйлемдерден соң мына реттерде қойылады:

1. Таңдауды білдіреді: Кен екеш кенге де осындай тар Адам болады екен-ау! (Ғ. Мұст.).

2. Сүйсінуді білдіреді: Іргелі де ел, үлгілі де ғой осы орыс! (М.Ә.).

3. Кіжінуді білдіреді: Бәлем, тартар енді тістескеннің сазайын! (Ә.Н.).

4. Шаттануды білдіреді: Мен бірінші дауыс берем! Есжан. («С.Қ.»)

5. Тілекті білдіреді: Азамат басы Аман болсын, соғыс өрті қайта қоздамасын!

6. Өкінішті білдіреді:

Тәрбиелеп өсірген
Ата мен ана бұл қалды-ау
Қатын жесір тұл қалды-ау
Еңбекпен жиған мал қалды-ау! (М.).

7. Жұбатуды білдіреді: Жолдастарым мұңайма! (М.).

8. Серт, уәдені білдіреді: Жол даңғыл, сенім берік! («Пионер»).

9. Қошаметті білдіреді:

Е, жігіттер, түсіндер!
Дәм айдап келген екенсіндер! Барымыз әзір Кәні! (М.Ә.).

10. Бұйрықты білдіреді:

Апар мұны биігіне, құзыңа!
Бер осыған дариядай ақылды!
Ұқсат мұны өзің туған қызыңа! (Х.Е.).

11. Үндеу, ұран мәнді жай сөйлемдерден соң леп белгісі қойылады. Бұл сөйлемнің баяндауыштары үнемі етістіктің қалау райымен келеді. Мысалы: Ұлы Отанымыздың күш-қуатын барынша арттыра берейік. («С.К»).

12. Жігерленуді білдіреді:

Қайнайды қан,
Қайраттан, жастар! (Жастар эстрадасы)

13. Кекетуді білдіреді: дал-дал болып тұрып мықтысын қарашы!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тыныс белгілерінің түрлері қандай?
2. Тыныс белгілері бір-бірінен қалай ерекшеленеді?
3. Тыныс белгілерінің сөйлемдегі орны неде?
4. Тыныс белгілерінің қызметі қандай?
5. Тыныс белгілері туралы жалпы мәлімет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
2. С.Мырзабеков. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А. 1992
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А.1994
4. Т.Сайранбаев. Синтаксистің кейбір мәселелері. Алматы, 1996
5. Т.Сайранбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алм. 1992 ж
7. Ш.Құсайынұлы. Синтаксис. Алматы. 2003 ж
8. Қазақ тілінің грамматикасы 2-том, Алматы. 1987 жыл
9. С.Аманжолов, А.Ұйықбаев. Қазақ тілінің синтаксисі. Алматы 1990
10. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. 1995.
11. Н.Уәлиев., А.Алдашева. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. 1993
12. Ф.Мусабекова. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. 1999
13. С.И.Абакумов. Методика пунктуаций. 1992